


ISSN 2518-7937



№ 1(85)/2017

ПЕДАГОГИКА сериясы

Серия ПЕДАГОГИКА

PEDAGOGY Series

**ҚАРАГАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА**

**BULLETIN
OF THE KARAGANDA
UNIVERSITY**

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

Бурдина Е.И., Аубакирова С.Д. Зарубежный опыт инклюзивного образования (на примере Республики Ирландия).....	11
Жетписбаева Б.А., Жетписбаева М.А. Особенности инклюзивного образования в Республике Казахстан	22
Турсынгалиева Г.Н., Казимова Д.А., Сейдахматов М.Д. Технология проектирования электронных курсов информационного профиля.....	28
Жумагалиева Г., Мажит З. Модель профессионально-ориентированного обучения иностранному языку магистрантов специальности «Государственное и местное управление»	32
Кожиков Ж.А., Кошкумбаев К.Т. Совершенствование методики обучения самостоятельной работе студентов по дисциплине «Инженерная графика»	40
Жетписбаева М.А., Яганишина Д.С. Подходы и методы обучения английскому языку в начальной школе в условиях обновления содержания среднего образования.....	46
Кузбакова Г.Ж., Мухтарова Г.С. Междисциплинарный подход в преподавании истории музыки и изобразительного искусства Казахстана.....	54
Абылқасимова Г., Калтаева Г.К. Содержание и особенности подготовки будущих педагогов профессионального обучения (на примере дисциплины «Методика профессионального обучения»).....	63
Кульбаева Б.С., Есенгулова М.Н. Этнический этикет и культура как средство формирования нравственности личности	70
Искакова А., Ханжарова Б., Кокажаева А. О преподавании основ теории функций действительного переменного	76
Смирнова Е.С., Панченко А.В., Смирнова М.А. Социализация личности в контексте социальной педагогики.....	81

ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ

Галиев Т.Т., Кульгильдинова Т.А., Кайкенова Ж. Механизмы усвоения системного мышления	88
Жетписбаева Б.А., Сырымбетова Л.С., Шелестова Т.Ю. Обучение английскому языку детей младшего возраста в соответствии с новыми требованиями начального школьного образования в Казахстане	94
Абильдина С.К., Мусина В.Т. Народная педагогика — основа патриотизма	100
Жетписбаева Б.А., Остдик Г., Китибаева А.К. Особенности преподавания иностранного языка в рамках интегрированного подхода к языку и предмету	105
Баймukanova M.T., Mихайлова Н.Б. Самопознание в деятельности педагога как необходимое условие формирования культуры критического мышления	110
Акбаева Г.Н., Жанкина Б.Ж., Рамашов Н.Р., Рамашова А.Н. Мировой опыт профессиональной подготовки конкурентоспособных специалистов в условиях индустриально-инновационного развития страны.....	116
Жетписбаева Б.А., Бенчич С., Смагулова Г.Т. Определение понятия «дидактические условия» в педагогической науке	126
Адилова В.Х. Интеллектуальная зрелость как составляющая личностного компонента технологии формирования культуры интеллектуального труда	132
Албытова Н.П. Профессиональная социализация студентов	138

Г.Жұмагалиева, З.Мажит

Қазақстан Республикасы Президенттің жасындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан
(E-mail: gul.khan81@mail.ru)

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша білім алушы магистранттарға шет тілін көсіби бағдарлай отырып оқытуудың моделі

Макалада көсіби және тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда пән мен тілді кіркітре оқыту тәсілінің алар орын мен артықшылықтары баяндап отырып, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша жогарғы оку орнынан кейінгі білім беру орындарында шет тілін оқытуудың моделі ұсынылады. Автолар бул модельдің шет тілін көсіби бағдарлай отырып оқытуда алар орын мен модельдің компоненттеріне жеке-жеке тоқталған. Аталмыш модельді ұсына отырып, «Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы» бойынша білім алушы магистранттардың танымдық (когнитивтік)/академиялық тілдік құзыреттілігіне қолжеткізу күтіледі.

Kітап сөздер: көсіби және тілдік құзыреттілік, көсіби бағдарлай отырып шет тілін оқыту, пән мен тілді кіркітре оқыту, оқыту модельі.

Жоғары білім берудің казіргі таңдағы жағдайы кейінгі тенденцияларымен қатар мемлекеттік қызметшілерді даярлауда қойылатын жаңа талаптарды алдыға шығарып отыр. Олардың катарын көсіби тұрғыдан терең білімділік пән існерлік, оларды колдана білу, жігерлілік, байланыска бейімділілік, шығармашылық белсенділік, сонымен қатар өзін-өзі үздіксіз дамытып отыруға әзірлілігі түзейді. Мемлекеттік басқару саласының заманауи маманының бөсекеге жарамдылығы тек кәсіптік тұрғыдан жоғары құзыреттілігімен анықталмайды, сонымен қатар олардың шет тілді қатынаста көсіби мәселелерді шеше алуы маңызды болып отыр. Осыған байланысты, жоғарғы оку орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде шет тілін көсіби ерекшеліктерін ескере отырып оқытуды және мемлекеттік қызметшілердің болашақ көсібінің міндеттерін іске асыру мақсатын да ескереді. Ал лингвистикалық тұрғыдан сауаттылық мемлекеттік қызметшілердің көсібі аясында жаңашылдықпен танысуына мұмкіндік туғызып қана коймайды, әлемдік ғылыми жетістіктермен қаруандырады, өз тәжірибелерінде оларды колдануына әсер етеді.

Аталған талаптарға сәйкес көсіби білім беруде бүгінгі күні көсіби бағдарлай отырып оқыту арқылы шеттілдік карым-қатынастың міндеті мен мазмұнын кеңейту маңызды болып отыр. Көсіби және тілдік құзыреттілікті қалыптастыру жогарғы оку орнынан кейінгі білім беру орындарында тілдік білім берудің мазмұнын жобалаудың әдіснамалық негізі ретінде әрекет етуі қажет. Пән мен тілді кіркітре оқыту тәсілін колдану білім беру үрдісін қоғам мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін талдау негізінде құруды, мамандандану бағыттары бойынша және кәсіптік коммуникацияның халықаралық нормаларына сәйкес түлектік құзыретті моделін әзірлеуді, саланы, объектілерді, кәсіптік қызмет түрлерін, шет тілдік құзыретті пайдалана отырып шешуге болатын және шешімі табылуы қажет кәсіптік міндеттер кешенин ескере отырып, мамандықтар бойынша бағдарлама әзірлеуді, CEFR (Common European Framework Reference) бойынша тілді менгеру деңгейлерінің дескрипторларына сәйкес корытынды бақылаудың мазмұны мен нысандарын әзірлеуді көздейді. Тілдік және көсіби білім беру жүйесін осылайша қалыптастыру жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін сәйкестендіруге, қазіргі заманы мамандардың шет тіліндегі тиімді коммуникацияға әзірлігі мәселесі бойынша кәсіптік органдың нақты тапсырысина жауп беруге мұмкіндік береді.

Осы мәсселелерді теориялық тұрғыдан зерделей және Қазақстан Республикасы Президенттің жасындағы Мемлекеттік басқару академиясының оқыту қажеттіліктерін ескере отырып, пәндік мазмұн мен шет тілін кіркітіру, оқытуудың бірізділік, өз бетінше білім алушы іске асыру, пәнаралық сабактастық және «4С» принциптері [1; 45] негізінде «Мемлекеттік басқару» мамандығы бойынша білім алушы магистранттарға шет тілін көсіби бағдарлай отырып оқытуудың моделі (үлгісі) жобаланып отыр. Тәжірибе барысында аталған модель шегінде магистранттың когнитивті/академиялық тілдік құзыреттілігін қалыптастыру үшін кіркітілген пәндік-тілдік оқытуудың тиімділігі дәлелденбекші.

Мемлекеттік және жергілікті басқару саласының мамандарын дайындауда көсіби және тілдік тұрғыдан даярлау мақсаты өзара көсіби қызметтік білім кеңістігіндегі мәдениетаралық өзара қарым-

катаинас жағдайында, кәсіби және тілдік тәжірибелі менгеру арқылы, маманың кәсіби шет тілді біліктілігін қалыптастыру болып табылатын модель 1-суретте берілген.»

Мемлекеттік және жергілікті басқару саласының мамандарын дайындауда кәсіби және тілдік түрғыдан даярлау мақсаты — өзара кәсіби қызыметтік білім кеңістігіндегі мәдениетаралық өзара қарым-катаинас жағдайында, кәсіби және тілдік тәжірибелі менгеру арқылы, маманың кәсіби шеттілдік біліктілігін қалыптастыру

Теориялық- әдіснамалық компоненті		
Теориялық негіздері:	Тәсіл:	Принциптері:
<ul style="list-style-type: none"> —Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы мен <i>Жағын арадағы даму аймағы</i> (Zone of Proximal development (ZPD)) ұғымы; —Джим Кумминстың BICS/CALP теориясы; —Бенджамин Блумның танымдық саладағы дағды мен шеберлікің жіктелуі — Блум таксономиясы; —ESAP әдіснамасы 	CLIL (Content and Language Integrated Learning) пән мен тілді кіріктіре оқыту	пәндей мазмұн мен шет тілін кіріктіру, оқытудың бірізділік, өз бетінше білім алушы іске асыру, пәнаралық сабак-тастық және «4С» қары-даттары

Мазмұндық компоненті
Академиялық компонент — мемлекеттік және жергілікті басқару саласының терминологиясын және терминологиялық кластерлерін білу, нақты, ақпараттық анықтама құра алу, графикалық ақпараттарға түсінік беру, академиялық (ғылыми) мәтінді талдау, аналитикалық үлгіде берілген ақпаратты өзінше түсіндеру, ғылыми дискурс кезінде графикалық және мәтіндік ақпаратты пайдалану, академиялық оқылым, жазылым және үсіну (презентация) машиқтарын меңгеру
Тілдік компонент (кіріктірілген құзыреттіліктер: лингвистикалық, дискурсивті, мәдениетаралық) — заманауи кәсіби байланыстардың негізгі қырларын білу және игеру, тіл құралдарын практикалық менгеру, өзінің кәсіби саласының мазмұнды жақтарын үсіну мүмкіндігі, шет тілді мәдениетті игеру)
Когнитивті (танымдық) компонент — мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығына катасты материалдарды талдау, синтездеу, бағалау сиякты ойлау кабілетінің жоғарғы деңгейін дамытумен анықталады, ал бул оз ойын нақты жеткізе алу, алынған нағызжелерді дәлелдеу және талдау, дәлелдер көлтіру, пайымдауды жеткізе алу, тұтасты боліктеге бөле алу және олардың арасындағы өзара қарым-катаисты анықтау, негізгі және жанама ақпаратты ажыратса алу, құбылыстарды бағалау және талдау)

Үйімдастырушылық- әрекеттілік компоненті
Түрлері: интерактивті, вебинарлар, кәсіби бағдарлай отырып топта оқыту, пәнаралық сабактастық, магистранттың өз бетімен жүмысы
Әдістері: міфа шабуыл әдісі, синектика әдісі, case study (накты жағдайларды талдау), жобалау әдісі, RWCT (Reading and Writing for Critical Thinking)
Технологиялар (стратегиялар): scaffolding, логикалық, салыстырмалы-салғастырмалы, лексикалық-терминологиялық талдау, критикалық ойлауды дамыту технологиясы, рефлексия
Құралдар: мультимедиалық технологиялар, пәнаралық бағдарламалар

Бағалау-нәтижелілік компоненті
Бақылау түрлері: алдын ала, ағымдық, тақырыптық, корытынды
Құзыреттілікті қалыптастыру критерийлері: <ul style="list-style-type: none"> ▪ кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы; ▪ тілдік құзыреттіліктің қалыптасуы; ▪ дискурсивті құзыреттіліктің қалыптасуы; ▪ рефлексивті құзыреттіліктің қалыптасуы

Күтілетін нәтиже: мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша білім алушы магистранттардың танымдық (когнитивтік)/ академиялық тілдік құзыреттілігін қалыптастыру
--

1-сурет. Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша шет тілін кәсіби бағдарлай отырып оқыту моделі

Модель теориялық-әдіснамалық, мазмұнық, ұйымдастыруышлық-әрекеттілік және бағалау-натижелілік компоненттерінен тұрады. Модель ESAP әдіснамасына негізделе және шет тілін көсіби бағдарлай отырып оқытуда Еуропада тілді болашақ кәсібінің мазмұны немесе тіл бағытынан тыс бірнеше пән арқылы оқыту *CLIL* (*Content and Language Integrated Learning*) пәннің мазмұны мен тілді кіріктіре оқыту ретінде танылған тәсілін ұсынады.

Еуропада 1990 ж. бастап тараған *CLIL* білім берудің барлық деңгейлерінде студенттерге «пән (мазмұны) шет тілі арқылы оқытылатын білім беру тәсілі» ретінде айқындалды. Жоғары білім алушада тіл мен пәнді кіріктіре оқыту дамып келе жатқан, жаһандандырылған еңбек қызметіндегі қажеттіліктер мен талаптарға сай келетін үрдіс болды. Бұкіл әлем университеттерінде каркынды енгізіліп жатқан бұл тәсілді Қазақстанда да енгізу себептерінің бірі болып табылатын үш тілді дамыту саясаты басқа да экономикалық, саяси және әлеуметтік себептермен бір катарда.

Авторы Дэвид Марш болып табылатын *CLIL* (*Content and Language Integrated Learning*) тәсілі британдық әдіскерлердің жұмысында пәнді шет тілдерінің қомегімен оқытуды немесе оларды бір уақытта оқытуды көздейтін инновациялық тәсіл ретінде қарастырылады (*Teaching content through English and teaching English through content*) [8; 27]. *CLIL* тұжырымдаасында шет тілі сабактарында оқу материалын оқытылатын пән үшін өзекті болып табылатын проблематикасымен байланыстыру есебінен бейіндік және кәсіптік бағдарламалар мен курстарды әзірлеу көзделеді. Бұл ұғымды кейде «шатыр-ұғым» деп те атап, оған кең мәнінен мынадай тұстарды да қосады: халықаралық жобалар, шет елде оқыту, оқытудың модульдік жүйесі, билингвалды оқыту және т.б. Алайда мұндай тәсілмен британдық әдіскерлердің бәрі бірдей келісе бермейді. Айтальық, Фил Болл *CLIL*-ді дербес әдістемелік стратегия және оған социалықты қөп ұғым қоса беруге болмайды деп санайды [2; 48]. Отандық әдістемеде бұл тәсіл ұғымы мейлінше тығыз мағынада қолданылады, мұнда *CLIL* деп оқу пәндерінің арасындағы органикалық байланыс түсініледі. Кейде тілді оқыту мен әлеуметтік-мәдени құзыреттің ықпалдасуы туралы сөз етіп, мұндай тәсілді ықпалдастырылған тәсіл деп те атап жүр.

Бұл тәсілді пайдалану кезінде шешілуге тиіс проблемалар мыналар: шет тілін меңгерген пән мұғалімдерін даярлау, пән және тіл бойынша білімді бағалау жүйесі, оқу бағдарламаларын әзірлеу, бір тілден екіншісіне аудысадын психологиялық тұстары.

Британдық әдіскерлердің пікірінше, бұл тәсілдің артықшылығы оқытылатын пәндерді тұтас синтездел қабылдауға, оқу уақытын үнемдеуге, проблеманың мәнін мейлінше терең түсінуге, оқушылардың ынталының жоғарылатуға сайып келеді [2; 49].

Еуропаның әр түрлі елдерінде *CLIL* әдістемелік тәсілінің негізгі қағидаттарын айқындау кезінде негізгі бес тұсы болып көрсетіледі, олар мәдени, әлеуметтік және тілдік органды қамтиды әрі пәндік және білім беру міндеттерін шешуге бағытталған. Бес аспекттің әрқайсысы білім алушылардың жасына, әлеуметтік-лингвистикалық ортага және *CLIL*-ге бейімделу дәрежесіне байланысты әркілік түрде іске асырылады.

CLIL заманауи «жаксы» білім беруді, атап айтқанда, үйрену мен оқытудың белсенді тәсілдерін, аутентивті тапсырмалар мен материалдарды пайдалануды, білім алушыларға баса назар аударуды, жобалық жұмысқа және тапсырмаларға негізделген оқуға екпін жасауды қамтитын көптеген ерекшеліктерді ескереді [3; 32]. Ол оқытудың конструктивтік философиясын көрсетеді, оған сәйкес тілді үйренуді білім алушылар топтарда бірлесіп жұмыс істеу арқылы орындаиды және бұл тұтас білім беру философиясының көрінісі болып табылады, бұл философия оқыту процесін ықпалдастыруды және оны әр түрлі пәндер мен дағдыларға болудің немесе болшектеудің болмауын қолдайды. Сонымен қатар *CLIL* тіл мен пән мазмұнының ықпалдасу тәсілі ретінде пәнаралық жоғары деңгейдегі ықпалдасу үлгісі болып табылады және көбінесе транспондік ықпалдасу элементтерін қамтиды. *CLIL* негізгі төрт қағидаттың ықпалдасуына негізделген: таным, мазмұн, коммуникация және мәдениет [4; 33]. Онда (такырып, мазмұн) хабарлауға, (тіл) ортага және басқалармен әлеуметтік өзара әрекет жасауға назар аударылады. Бұл тәсілді ұстанушыларға сүйенсек, тілдің өзгеруі таным үшін катализатор ретінде әрекет етеді. Жоғары білім берудегі *CLIL*-дің қазіргі жай-күйін талдаған және Еуропадағы жағдайға шолу жасаған Косттың пікіріне сүйенсек, ағылшын тілінде оқытылатын бағдарламалар саны 2002 жылдан бері үш ессе артқан [5; 22]. *CLIL*-дің өзге артықшылықтарының арасында оның жоғары білім беру үшін ынталандыруши құндылығын Тюдор атап өткен [6; 45]. Ол *CLIL*-ді тілді оқытудың пәрменді де әлеуетті өнімді стратегиясы ретінде қарастырады. Лингвистикалық пәндерге жатпайтын пәндер білім алушылардың тіл үйренуге ынталы болмауы мүмкін; алайда өздерінің мамандықтары бойынша пәндерді екінші тілде үйрену мүмкіндігі маңызды

ынталандыруши фактор болуы мүмкін. CLIL-дің тағы бір әлеуетті пайдасы коммуникативтік өзара әрекет жасау табиғатына қатысты, яғни шынайы қажеттілікті және екінші тілде қарым-қатынас жасау иетін туындастартын оку жаттыгуларын жасау. Бірқатар галымдар CLIL тәсілі арқылы лингвистикалық құзыреттілігіне қарамастан, арасында деңгей тобында оқыту білім алушылардың тілді менгеруіне ынталандыруши тәсілі ретінде өте құнды екендейді [4; 41].

CLIL шет тілін дәстүрлі оқытумен салыстырганда анағұрлым жаңа тәжірибе ретінде көрінеді, себебі пәннің мазмұны мен тіл бір уақытта менгеріледі. Бұл әдіс тіл оқытушысын өз аудиториясының көсібі саласы туралы көбірек білуіне, ал арнайы пән оқытушысын шет тілін меңгеруге ынталандырады. CLIL әдісіне сәйкес әр түрлі оку түрлері бар: soft CLIL (шет тілін сабактарында арнайы пәндердің мазмұнынан жекелеген тақырыптарды оқыту); hard CLIL (жекелеген бағдарламалар, мұнда пәндердің жартысынан көбі шет тілінде оқытылады); modular CLIL (пән шет тілінде белгілі бір сағат санымен оқытылады).

Бұл тәсіл Ұлыбританиядағы, АҚШ-дағы және Канададағы Foreign Language Across the Curriculum қозғалысымен, сонымен катар KCPO-дағы мәнмәтіндік оқытудың белгілі бір тәжірибесімен қатар, пәндердің мазмұнынан жаңа тәжірибелердің оқытушының (content-based instruction), сонымен катар білім алушылардың болашақ мамандықтарының пәндердің саласында білімін тереңдетіп, шет тіліндегі тәжірибелерін қалыптастыруға бағытталған тіл білімінің жаңа парадигмасының негізін қалады. Бұл әдістің мәні білім алушылардың тілді көсібі саладағы негізгі пәндердің мазмұнымен бірге менгеруінде жатыр. Пәннің тілі түсінікті әрі негізгі оку бағдарламасымен тікелей байланысып, сонымен қатарлас журуи қажет және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек.

Ал CLIL-дің негізгі мақсаты білім алушылардың пән саласына сәйкес алдыңғы алған тәжірибелері мен жеке қызығушылықтарын интеграциялау жолы арқылы оларда CALP-ты (Cognitive/Academic Language Proficiency — танымдық/академиялық тілдік көсіпділік) қалыптастыру болып табылатындықтан, біздін ұсынып отырған моделіміздің теориялық негізі Л.С.Выготскийдің әлеуметтік-танымдық теориясы мен Жақын арадағы даму аймағы (Zone of Proximal development (ZPD)) ұғымына, Джим Кумминстың BICS/CALP (Basic Interpersonal Communicative Skills)/(Cognitive/Academic Language Proficiency) теориясына және американдық психология Бенджамин Блум ұсынған танымдық саладағы оқытудың педагогикалық мақсаттарының жіктелуі — Блум танымсасына негізделеді.


Атальмыш теориялар негізінде CLIL-дің негізгі мақсаты білім алушылардың пән саласына сәйкес алдыңғы алған тәжірибелері мен жеке қызығушылықтарын интеграциялау жолы арқылы оларда CALP-ты қалыптастыру екенін атап жогарыда атап откөнбіз. Ал CALP дегеніміз не?

Ол үшін Джим Кумминстың «BICS/CALP» теориясын толықтай қарастырып өтейік. Бұл теория аудыңғы тіл мен академиялық тілдік арасында шет тілдік құзыреттіліктің екі аспектісін – «BICS» (Basic interpersonal communicative skills) – күнделікті қарым-қатынас тілінің негізгі байланыстылық дағдылары және CALP (Cognitive/academic language proficiency) – күнделікті қарым-қатынас жағдайларынан тыс қажетті когнитивтік/тілдік құзыреттілікті бөліп қарастырады. Кумминс өзінің ғылыми жұмыстарында BICS және CALP арасындағы айырмашылықтарды көрсету үшін айсберг үлгісін қолданады [7; 110].


BICS күнделікті қарым-қатынас тілінің негізгі байланыстық үлгілері (грамматика, айту, лексика) «айсбергтің көзге көрінетін болігінде» орналасады, ал томенгі жағында CALP бойынша тілдік құзыреттіліктер берілген. BICS пен CALP арасындағы айырмашылықты көрсету үшін Кумминс Блумның когнитивті дағды мен шеберлік танымсасын қолданады. Устінгі жағында BICS-ке жататын білу, түсінү және қолдану секілді төмөнгі қатардағы ойлау кабілеттері, ал онын астында CALP құзыреттілігіне жататын талдау, жинақтау (синтез), бағалау секілді жоғарғы қатардағы ойлау үлгілері жатады. Сонымен катар Кумминс «BICS/CALP» теориясы негізінде жоғарғы мектептегі билингвалды немесе қоғалылды оқытудың жобалауышы үлгісінің теориялық негізі болып табылатын байланыстың екі факторлы үлгісін жасап шыгарды.

Бірінші фактор – тіл үйренушілерге көрсетілетін мәнмәтіндік шара. Екінші фактор байланыс қызметін жүзеге асыруды талап ететін когнитивті дағды мен шеберлікті дамытудың қажетті деңгейі болып табылады.

Тілді үстіртін менгеру, немесе басқаша айтканда, күнделікті қарым-қатынас жасаудың негізгі байланыс үлгілері бірінші квадрантта орналасқан. Яғни BICS қарым-қатынаста когнитивті дағды мен шеберлікті талап етпейтін, мәнмәтінге негізделген болып табылады, ал когнитивті/академиялық тілдік құзыреттілік (CALP) төртінші квадрантта орналасқан. Бұл қарым-қатынастың когнитивті дағды мен шеберлікті қолдануды талап ететін мәнмәтінге негізделген болып табылады (2, 3-сур.).



2-сүрет. Cummin's Iceberg Model of Language Interdependence [7; 110]



3-сүрет. Bloom's Taxonomy of Learning Domains [1; 25]

Ал Л.С. Выготскийдің теориясын әдіснамалық негіз ретінде алу себебіне келетін болсақ, оның ағылшын тіліне аударылған таңдаулы психологиялық зерттеулерінен күшті ықпал алған білім беру парадигмасы бойынша, білім әсілі әлеуметтік контекстіде құрастырылып, содан соң оны жеке адамдар иемденеді. Жеке адамдар өз пікір-ништерімен бөлісу арқылы бірге жаңа бір түсінікті қылыштастырады, бұған олар жеке-жеке жүріп қол жеткізе алмайды. Оқу белсенді процесс деп қарапастырылады, онда тіл үйренушілер өздері үшін қайсыбір принциптер, ұғымдар мен фактілерді ашып үйренгендері жөн, бұдан тіл үйренушілердің жорамал жасауы мен түйсіне ойлауын (intuitive thinking) көтермелесудің маңызды екені келіп шығады.

Л.С. Выготский де окудың әлеуметтік және практикалық элементтерінің конвергенциясын алға шығарады. Оның пікірінше, ақыл-ой — дамудың ең елеулі сәті, алғашында дамудың бір-бірінен мүлдем тәуелсіз бағыттары — сөз сейлеу мен практикалық әрекет түйіскенде орын алады. Практикалық әрекеті арқылы тіл үйренуші мағынаны тұлғаішлік деңгейде құрастырады, бұл кезде бұл мағына тұлғааралық болып табылатын дүниенем байланысады.

Ал модельдің мазмұндық компонентін дайындауда, жоғарыда аталған Л.С.Выготскийдің, Джим Кумминстың жұмыстары мен Блумның таксономиясын зерделей отырып [1; 25], бұл тоқтамага когнитивті (тәнімдық) компонентін (мемлекеттік басқару мамандығына қатысты материалдарды талдау, синтездеу, бағалау сияқты ойлау қабілетінің жоғарғы деңгейін дамытумен анықталады, ал бұл өз ойын нақты жеткізе алу, алынған иттихажерді дәлелдеу және талдау, дәлелдер көлтіру, пайымдауды жеткізе алу, тұтасты бөліктеге бөле алу және олардың арасындағы өзара қарым-қатынасты анықтау, негізгі және жанама ақпаратты ажыратса алу, құбылыштарды бағалау және талдаумен сипатталады); академиялық компонентін (мемлекеттік басқару саласының терминологиясын және терминологиялық кластерлерін білу, нақты, ақпараттық анықтама құра алу, графикалық ақпараттарға түсінік беру, академиялық (ғылыми) мәтінді талдау, аналитикалық үлгіде

берілген ақпаратты өзінше түсіндіру, ғылыми дискурс кезінде графикалық және мәтіндік ақпаратты пайдалану, академиялық оқылым, жазылым және ұсыну (презентация) машиқтарын менгеру) пен тілдік компонентті ((кіріктірілген құзыреттіліктер: лингвистикалық, дискурсивті, мәдениетаралық) – заманауи кәсіби байланыстардың негізгі қырларын білу және игеру, тіл қуралдарын практикалық менгеру, өзінің кәсіби саласының мазмұнды жақтарын ұсыну мүмкіндігі, шет тілдік мәдениетті игеру) жатқызууды жөн көрдік.

Кәсіби бағдарлай отырып өкіту тек оку қуралдарының мазмұнның кәсіби бағытталуын ғана емес, сонымен қатар кәсіби шеберліктерді қалыптастыратын қабылдау немесе басқа да операцияларды қоса алғандагы қызметті де қарастырады. Сондықтан ұйымдастырушылық-әрекеттілік компоненті өкіту формалары, әдістері, стратегиялары мен өкіту қуралдарынан тұрады. Соның ішінде *Scaffolding* (көпірше түргышу) технологиясы «Мемлекеттік басқару» мамандығы бойынша пәндерді шет тілінде өкітууда танымдық және лингвистикалық ауыртпалықтарды азайтып [3; 23], магистранттарға жан-жақты қолдау көрсетуді көздөйтін пән мен тілді кіріктіре өкітуудың басты стратегияларының бірі болып табылады. Модельде ұсынылған басқа да технологияларына келер болсак:

- мәтіннің логикалық талдануы — негізгі / басты / жалпылама сөздерді іздеу, абзацтардың, абзацтар ішіндегі сойлемдердің келу ретін қалпына келтіру, толық бір мәтіннің (мақаланың, тараудың, кітаптың) жазылу логикасы, мәтіннің, оның стилі мен мазмұнның сәйкес келуі, логикалық сәйкесіздіктерді іздеу, дедуктивті және индуктивті талдау;
- салыстырмалы-салғастырмалы талдау — мәтін мен үлгіні, мәтін мен глоссарийді, әр түрлі үлгілерді, әр түрлі авторлардың мәтіндерін, қолданбалы және аналитикалық сипаттағы мәтіндерді, әр түрлі ғылыми мәтіндердегі терминологиялық мәтіндерді салыстыру және салғастыру;
- лексикалық-терминологиялық талдау — терминнің сипаттамасы бойынша талдау (өнімділік, қысқалық, айқындық, жүйелік), терминологиялық қатардың қалыптасуын талдау, глоссариймен жұмыс;
- критикалық ойлауды дамыту технологиясы — бұл ақпараттармен тімді жұмыс жасауға, мағыналы, дәлелді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін ойлау машиқтарына үйрететін стратегиялар жүйесі;
- қазіргі заманғы басқарушының ажырамас тұлғалық қасиеті — рефлексияға дайындығы болып табылады, яғни өзінің коммуникативтік шамасын субъективтік талдауга, өзінің сөйлеу әрекеттерін бақылауга және бағалауға дайын болуы, өзінің бірегейлігін және қайталаңбастығын сезіне отырып, өзге де ділдік және мәдени кеңістікке бейімделу қабілеті.

Сонымен қатар накты бір құзыреттілікті қалыптастыру бойынша қойылған міндеттерді шешу мен ұсынылған концепцияны жүзеге асыру үшін міға шабуыл, синектика әдісі, case study (накты жағдайларды талдау), жобалау әдісі және RWCT (Reading and Writing for Critical Thinking — Сыны түрғыдан ойлау арқылы оқылым мен жазылым) сияқты тілдік дайындықтың белгілі әдістерінің элементтері пайдаланылады.

Ал модельдің бағалау-иетижелілік компонентіне токтататын болсақ, мамандың кәсіби кіріктірілген шеттілдік құзыреттілігінің қалыптасу критерийлерін дайындау үшін кәсіби құзыреттіліктері мен CEFR-да көрсетілген тілдік құзыреттілік сипаттамасы алынды:

1. Кәсіби құзыреттілік топтамасының құрылуы, магистранттар алынған білімдері мен игерілген машиқтары негізінде өзін кәсіпкөй маман ретінде көрсету, ахуалдардың және өз әрекеттерінің дамуын болжау, басқарушылық міндеттерді шешу, басқару тобын құру және т.б. секілді кәсіби мәселелерді шешу стратегиясын менгереді.

2. Құзыреттіліктің лингвистикалық топтамасының құрылуы, магистранттар қажетті ақпараттың сілтемелерді пайдаланып, өз еркімен, жылдамдықпен, мәтінді оку мақсаттарымен сәйкестіре отырып оки алатындығын, пән аясында құрылымдық дәрісті түсіну, негізгі қағидаларды жазып отыру, стандартты және тағы басқа да форматта жазу тілін менгере алатындықтарын білдіреді.

3. Дискурсивті құзыреттіліктің құрылуы, магистранттардың кәсіби тақырыптар бойынша баяндамалар мен мақалалар, жаңалықтарды түсінетінің, арнайы терминологиясы бар мамандандырылған мақалаларды оку, өз дәлелдерін көлтіре отырып, идеялары мен өз ойларын білдіріп пікірталастарға қатысу, тімді сұхбаттарға жаппай қатыса алу және т.б. мүмкіндіктерін білдіреді.

4. Кіріктірілген кәсіби шет тілдік құзыреттілікті қалыптастыру процесінде рефлексивті құзыреттілік те қалыптасады, магистрант өзінің жеке тәжірибесінде құзыреттілік құрамына кіретін тапсырмаларды орындау тәсілдерінің құпталған жинағы менгерілгендігін, тиімділік үлгілері мен өлшемдері негізінде өз әрекеттеріне үздіксіз бакылау жасау жүргізілгендігін көрсетеді.

Макаламызды қорытындылай келе, жалпы шет тілін кәсіби бағдарлай отырып оқытуда және жогары мектептен кейін білім беру орындарында тілдік білімнің мазмұнын жобалаудың әдістемелік негізі ретінде CLIL төменде көрсетілген мәселелерді:

1) кәсіби және тілдік басымдылықтар жүйесіндегідей біртұтас кәсіби дайындық құрылымында білім мазмұнының жобалау болігінің орнын (болашақ маманың кәсіби ортадағы шет тілдік қызметі);

2) онеркәспіткік-нарық жүйесінің интернационалданырылуын, акпарат алмасу қажеттілігін, мәліметтер қорына жүгінуді, іскерлік қатынастарды бекіту кезінде өзара қарым-қатынастың нақтылығын, субъектаралық қатынастардың өзектендірулуін көрсететін кәсіби қызмет құрылымындағы шет тілдік байланыс сипаттамаларын;

3) тілдік құзыреттіліктің кәсіптік құзыреттіліктің болінбес сыңары ретінде көрсетілуін, маманың кәсіби әлеуметтеннұрын үздісінің құрамдас болігінің, кәсіби міндеттерді орындау барысындағы жіктелген арнайы байланыс жағдайларының көрсетілуін анықтайды деген шешімге келіп отырмыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Dalton-Puffer C., Nikula T., Smit U. Charting policies, premises and research on content and language integrated learning. In C. Dalton-Puffer, T. Nikula, & U. Smit (Eds.), Language use and language learning in CLIL classrooms. — Amsterdam: John Benjamins, 2010. — P. 3–19.
- 2 Ball P. CLIL, English teachers and the three dimensions of content-Modern English Teacher. — 2015. — P. 47–50.
- 3 Dale L., Tanner R. CLIL activities. A resource for subject and language teachers. Cambridge Handbooks for Language Teachers. Series Editor Scott Thornbury. — Cambridge: Cambridge University Press, 2013. — P. 294.
- 4 Coyle D., Hood P., Marsh D. CLIL Content and Language Integrated Learning. — Cambridge: Cambridge University Press, 2010. — P. 254.
- 5 Costa F. Integrating Content and Language in higher education in Italy; Ongoing research. International CLIL Research Journal. — 2010. — No. 1(3). — P. 19–29.
- 6 Tudor I. The language challenge for higher education institutions in Europe. The specific case of CLIL: in J.M.Castell and J.M. Mestres I Serra, El Multilingualism a les Universitats en l' Espai Europeu d'Educaio Superior. — Barcelona: Institut d'Esudis Catalans, 2008. — P. 42–52.
- 7 Cummins Jim. Language, power and pedagogy: Bilingual children in the crossfire — Clevedon, England: Multilingual Matters, 2000. — P. 110.

Г. Жұмагалиева, З. Мажит

Модель профессионально-ориентированного обучения иностранному языку магистрантов специальности «Государственное и местное управление»

В статье рассмотрены вопросы предметно-языкового интегрированного обучения как эффективного подхода при формировании языковых и профессиональных компетенций. Предложена модель обучения иностранным языкам магистрантов по специальности «Государственное и местное управление» с учетом данной технологии. Описаны компоненты предлагаемой модели и роль, которую она играет в обучении иностранным языкам. Применение данной модели, по мнению авторов, способствует совершенствованию когнитивных/академических языковых компетенций магистрантов.

Ключевые слова: профессиональные и языковые компетенции, профессионально-ориентированное обучение иностранному языку, предметно-языковое обучение, модель обучения.

G.Zhumagaliyeva, Z.Mazhit

The Model of Professional-oriented Teaching a Foreign Language for Master Students of Public Administration

The article is devoted to (Content and Language Integrated Learning) as an effective teaching approach of integrating the language and professional competences and offers the model of teaching a foreign language to Master students of Public Administration. The given article describes the role of the model in teaching a foreign language and its components. Offering the model we expect to achieve the high level of cognitive and academic language competences of Master students.

Keywords: professional and language competences, professionally-oriented teaching of a foreign language, content and language integrated learning, teaching model.